

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Тақырыбы: Дүкенге саяхат

Білім беру дағдысы:Таным

Бөлімі:Қарапайым математикалықұғымдарды қалыптастыру

Мақсаты:Балаларды санауға,салыстыруға,есеп арқылы ойлау дағдысын дамыту.Ақшаны дұрыс жұмсау,таңдау жасау және үнемдеу туралы бастапқы түсінік қалыптастыру.5-ке дейінгі реттік санау дағдыларын дамыту,сандарды атауға және қанша?,барлығы қанша ? деген сұраққа жауап беруге үйрету.Әдептілік,әңгімелесу мәдениетіне тәрбиелеу.

Міндеті: 1-5 сандарын бекіту.Заттардың көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі бейнелік ойлауды,есте сақтауды,сөйлеуді,қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Көрнекіліктер: Ойынықтар,касса макеті,банкамат,ойын ақшалары,рөлдік ойын.

Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар көңіл-күйлерің қалай?

Керемет

Тәжірибе жасау

Екі ыдысқа су құйылады.Бір ыдыста таза су,ал екінші ыдыста лай су.Осы лай судың түбінде не жатқанын тексереміз.Ол үшін стаканға таза су құйып,лай суға батырып,түбінде не жатқанын көрсету балаларға. (ақша)

Кіріспе бөлім:

Ақша бұл Қазақстанның валютасы.Ақша адам өмірінің айырылмастай бір бөлшегі.Өйткені ақша үшін бүкіл қоғам жұмыс жасайды.Ауа мен су қаншалықты қажет болса,ақшада адамға соншалықты қажет.Сонымен қатар ақшаны үнемдеп жұмсау керек. Ақша ол үлкен еңбекпен келеді.Үйдегі әке-шешеміз жұмыс істеп не табады? (Ақша)

Ақшамен не сатып аламыз?(тамақ,киім,ойыншықтар т.б заттар алуға жұмсаймыз.)

Ақшаны қайдан барып аламыз? Банккаматтан немесе кассадан барып аламыз.

Банкаматпен жұмыс.Балаларға банккаматтан ақшаны қалай алу керектігін көрсету.

Негізгі бөлім:

Сюжетті рөлді ойын: «Дүкен»

Әңгіме:

-Дүкенге не үшін барамыз?

Дүкеннен не сатып алуға болады?

Сатып алу үшін бізге не керек?(Балалар ақша деп жауап береді)

Тәрбиеші:

-Дұрыс, ақшасыз ештеңе сатып ала алмаймыз. Бірақ ақшаны қалай дұрыс жұмсау керек, соны бірге үйренейік.

Тәрбиеші:

-Кім сатушы болғысы келеді?

-Ал кім сатып алушы болады?

Ойын басталды. Балалар сатушымен әдепті сөйлеседі:

«Сәлеметсіз бе! Маған алма беріңізші!»

Сатушы жауап береді: «Міне, алма. Бағасы 2 теңге.

Сұрақ: -Егер сенде 5 теңге болса, нан сатып алуға жетеді ме? (Балалар жетеді деп айтады. Өйткені: нан 5 теңге тұрады.

-Ал ойыншық машина алуға ше? (Балалар «Жетпейді!» деп жауап береді)

Тәрбиеші:

-Демек ақша жетпесе, басқа арзан затты таңдау керек.

Енді басқа да тапсырмаларды орындайық. Ол үшін столдарға жайғасайық.

Сергіту сәті: «Дүкенге бардық біз бүгін» қимылды би.

Қорытынды бөлім:

Балалар біз не туралы білдік?

Ақша бізге не үшін керек?

Ақшаны қалай жұмсау керек?

Ойын: «Теңге алу»

Ойын шарты:

Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Әр топтан бір-бір баладан шығады. Ортаға теңге қалтасы тасталады. Музыка әуенімен балалар шеңберді айнала жүгіреді. Музыка аяқталғанда теңгені алып үлгеру керек.

Күтілетін нәтиже:

Балалар 1-5 аралығындағы сандарды қолдана білді.

Ақшаны санау, салыстыру және таңдау дағдылары қалыптасады.

Қаржыны дұрыс пайдалану туралы алғашқы түсінік қалыптасады.